



Автор: Есимова Райгүл Олжабаевна

Пән: Қазақ әдебиеті

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Ұрпақ тәрбиесі

Тақырып: Батыр Баян

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау (Т/Ж1).
Сабақтың мақсаты:	әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау (Т/Ж1).
Тілдік мақсаттар:	әдеби шығарма
Күтілетін нәтиже:	Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Топтық жұмысты бөлсе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.
Бағалау критерийлері:	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Құндылықтарды дарыту:	Өзіне және өзгелерге құрмет мұғалім мен оқушылардың бір-бірімен амандасуында, сыпайы, ойын ашық білдіріп, тыңдауда, сабақты уақытында бастап, аяқтауда, тапсырмаларды нұсқалық бойынша орындауда көрініс табады. Патриотизм мен азаматтық жауапкершілік құндылығы оқушылардың су ресурстарының ластануына қатысты мәселені түсінуі арқылы жүзеге асырылады. Өмір бойы оқу құндылығы сабақ мақсатын түсінуі, кері байланыс, рефлексия, алған білімінің практикалық мәнін түсінуде көрініс табады. Ашықтық оқушыларға ақпаратты алуда бірдей мүмкіндіктер беруде, өз білімін бағалау мен кері байланыс беруде орын алады. Еңбексүйгіштік оқушылардың жеке жұмыс жасауында көрініс табады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	PowerPoint таныстырылымы, жазалым тапсырмасына қатысты бейнебаян
Пәнаралық байланыс:	Музыка, қазақ тілі.
Бастапқы білім:	Азаттық үшін күрес

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	Бағалау парақшасымен таныстыру Топтарға бөлу. Беззв368095.png type unknown Себетпен конфет әкелу. Оқушыларға себеттен конфет алуларын сұраймын. Конфеттің түрлеріне қарай 3 топқа бөлініп отырады. 1-топ «Сары кәмпиттер» 2-топ «Көк кәмпиттер» 3-топ «Қызыл кәмпиттер» Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Қызыл гүлім-ай» би Беззв368095.png type unknown	Тапсырманы орындаған әр балаға конфеттер беріп отырамын

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (20 мин)	Білу және түсіну Берілген мәтіндерді балалар оқып алады. «Сақина салмақ ойыны» Балалар біз бүгін сақина салмақ ойынын ойнаймыз. Бұл ойынның бүгінгі ерекшелігі кімнің қолында сақина қалса менің сұрағыма жауап береді? Ассоциация (Оқушылар алда жсайтын жұмыс үшін кейіпкерлерді жүйелейді.) «Батыр Баян» поэмасының кейіпкерлері кімдер: — Жанама кейіпкерлер — Ноян — Баян — Абылай — Қалмақ қызы Қолдану 1-тапсырма Топ Кейіпкер Тарихтағы орны Поэмадағы іс-әрекеті Баға бер 1-топ Ақпаратты ғаламтордан алады. Оқушы жауабы Жауаптар алды мен дәптерге орындалып, кейін ойларын жүйе леп, топ болып жұмыстарын қорғайды 2-топ Ақпаратты ғаламтордан алады. Топ Кейіпкер Екеуінің кездескендегі ішкі толғаныс тары Поэмадағы іс-әрекеті Баға бер 3-топ Жұмыстарын қорғаған оқушыларды «Үш шапалақ» әдісімен бағалау. 2-тапсырма I.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының екінші «Жанталас» кітабымен байланыс 1. Ноян мен қалмақ қызының кездескен сәті (Ноянның қызды көргендегі алғашқы сезімі – 366- бет) 2.Қалмақ қызының ішкі ойы (367-бет) 3.. Інісін өлтірген Баянның жан айқайы. Абылай пікірімен санасуы -370 бет 4.Күркіреуік өзенінен өтердегі Баянның әрекеті (391- бет) (Пайдаланылған кітап «Көшпенділер» баспасынан 2008 жылы шыққан) Жауаптар ауызша тыңдалады. 5e33dc3b176fd.png Image not found or type unknown Талдау «Ыстық орындық» орындық әдісі (Бір оқушы алдыңғы жақта, орындықтар оны айнала қоршай орналастырылады. Жаттығудың сипаттамасы: Бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады.	Оқулық, мәтіндер. Оқулық,қабырғаға ілінген ватмандар, түрлі-түсті маркерлер «Ыстық орындық» орындық әдісі, сұрақтар, орындық.
Сабақтың соңы (10 мин)	Синтез Кинодан үзінді көрсетіледі. (Баянның Ноянды өлтірген тұсы мен Баянның жау қолынан қаза болар сәті. Назар аударатын мәселе Баянның биікте өлемін деген пікірі арқылы патриоттық тәрбие беріледі.)	Графикалық органиайзер:
Рефлексия (5 мин)	Шығу парағын толтыру «Бас бармақ» әдісі	Кері байланыс